

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 5

03.03.2026 жыл

Индер ауданының 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттері туралы аудан әкімінің есебі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индер ауданының 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттері туралы аудан әкімі С.Нсанбаевтың баяндамасы мақұлдансын.

2. Аудан әкімі С.Нсанбаевқа:

1) Индербор кентіндегі ұзақ уақыт бойы игерілмей жатқан жер телімдері бойынша мониторинг жүргізіп, заңнама талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылдау;

2) «Сатимолла» кен орнын игеру жұмыстары барысында Индер ауданының жұмыссыз тұрғындарын жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыру, жергілікті кадрларды басымдықпен жұмысқа тарту бойынша тиісті келісімдер жасау;

3) Индербор кентінің көшелерін абаттандыру және сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында электр бағаналары мен трансформаторларды орналастырудың заманауи тәсілдерін қарастыру, мүмкіндігінше оларды көзге бірден түсе бермейтін арнайы орындарға орналастыру мәселесін зерделеу;

4) Индербор кентіндегі қоқыс полигонының жағдайын жақсарту, санитарлық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету және қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру бойынша нақты шаралар қабылдау;

5) Индер борат кенішінің 90 жылдығына орай Индер-Қарабау жолы бойындағы №6 шахтаның тарихи маңызын ескере отырып, оны қалпына келтіру немесе тарихи белгі орнату мәселесін қарастыру;


6) Индербор кентіндегі мектептерде оқушы санының артуын ескере отырып, аудан аумағында жаңа мектеп салу немесе қолданыстағы мектептердің қуаттылығын арттыру;

7) Оңалтуды қажет ететін тұрғындардың қолжетімді медициналық көмек алуын қамтамасыз ету мақсатында Индер ауданында сауықтыру және оңалту орталығын ашу мүмкіндігін қарастыру;

8) Х.Нұрманов көшесі аумағындағы әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру мақсатында полиция бекетін қою немесе қосымша учаскелік полиция қызметкерлерінің жұмысын күшейту мәселесін қарастыру ұсынылсын.

3. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев